

Апта дәйек сөзі	«Еңбек — қуаныштың кілті»	
Педагогтің Т.А.Ә. (болған жағдайда)	Мұқамет Жазиман	
Күні:	02.09.2025	
Сынып: 10	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Тәрбие тақырыбы	«Менің Отаным Қазақстан»	
Сабақтың мақсаты	Жас ұрпақты Отанын сүюге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, бай-қуатты ел екендігін мақтан етуге үйретіп, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттырып, махаббат сезімін ояту; Отаның, туған жерін қорғай білуге, халқымыздың талантты ақындарының өлеңдері мен ата-бабаларымыздың өнеге етіп қалдырған даналық сөздері арқылы оқушыларды ұлтжандылыққа, атамекенін көздің қарашығындай сақтай білуге, патриоттық сезімге тәрбиелеу; Ойларын жүйелі түрде жеткізе білу, шығармашылықпен жұмыс жасап, мәнерлеп өлең оқып, мағынасын түсіне білу дағдыларын дамыту.	
Құндылық	еңбекқорлық және кәсіби біліктілік	
Қауіпсіздік сабағы 10 мин		

Сабақтың барысы:

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтың әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Көрнекілігі: рәміздер, авторларының суреттері, қанатты сөздер, Астана қаласына байланысты суреттер. Әдісі: сұрақ - жауап, әңгімелеу, түсіндірмелі, көрнекілік. Барысы: I Ұйымдастыру кезеңі. Білім алушылармен жүректер тарату арқылы сәлемдесу! Психологиялық ахуал: “Жасырылған сандар” Оқушылардың орындықтарының астына сандар жасырылған сандар реті бойынша сұрақтарға жауап береді. 1. Қазақстанның жер көлемі қанша? – 2 млн 724 мың шаршы шақырымнан асады. 2. Әлемге әйгілі "Қазақ хандығы" қашан құрылды? – 1465 жылы Керей мен Жәнібек хандар құрды. 3. Қазақстан БҰҰ-ға қай жылы мүше болды? – 1992 жылы. 4. Қазақстанның ұлттық валютасы қашан айналымға енгізілді?			презентация

	-1993 1) 5.Қазақстан аумағында алғашқы адамдар қашан пайда болды? Жауап: Шамамен 1 млн жыл бұрын (палеолит дәуірінде).Білім алушыларға осы сұрақтар арқылы бүгінгі тақырыпты айталды мүмкіндік береді			
Сабақтың ортасы	2) <i>Бейнебаян:</i> «Менің арманым мен алдыма қойған мақсатым»- Пазылжан Ұлпан Ой қозғау: Құрметті білім алушылар Тәрбиенің негізі – оқыту, тәрбие және дамудың бірлігін қамтитын үйлесімді дамыған тұлға «Толық адам» ұлттық идеялы болып табылады. Тәрбие – ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры және тұлғаның адамгершілік тұрғыдан толысуын қамтитын үздіксіз процесс. Тәрбиенің мәні – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде білім алушылардың тұлғалық қасиет- терін қалыптастыру үшін жағдай жасау. Құндылықтар адамның белгілі бір әрекет етуге деген тұрақты сенімін білдіреді және жеке адамның да, бүкіл қоғамның да өркендеуінің негізі болып табылады. Құндылық білім алушының өмірлік ұстаны- мына, іс-әрекетіне, мінез-құлқына, дүниетанымына және этикалық нормаларды сақтауына әсер етеді. Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінде негізгі құндылықтарды атап өтті: Тәуелсіздік және Отаншылдық Бірлік және Ынтымақ Әділдік және Жауапкершілік Заң және Тәртіп Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік	Тапсырмаларды орындау «Құпия қо рап шаны а шу» 1-топқа тапсырма «менің арманым» тақырыбына ситуациялық сұрақтар әзірлеу 2- топқа тапсырма «Менің алдыма қойған мақсатым» тақырыбында ой қозғау		Интербелсенді тақта/ компьютер
Сабақтың соңы	Осы құндылықтарды негізге ала отырып жоба жұмысымен айналысамыз (перезентация) Достық алақаны Берілген конвертттен сыныптың жоба жұмысына қатысты өз ойыңызды ашып жазыңыз, жоба жүргізу барысында сіздің ол көзқарасыңыз міндетті түрде қаралады. Сыныптың жоба конвертінің мақсатын айқындап ресми түрде білім алушыларға қол қойғызу (оқушыларға жобаны қабылдауға үлкен мотивация болмақ)	Оқушылар конверттен алған алақанға өз ойларын жазады (Сынып жобасын жүргізу арқылы білім алушылардың бір біріне деген құрметтері артып, сыныпта қамқорлық пен		презентация

	Табыс тіліеп жаңа оқу жылына Қадам бастық біздер жаңа сыныпқа Бір біріне қолдау беріп дос болған Бастау алған Мейірім мен достықтан (Құрметті білім алушылар сіздерді жаңа оқу жылымен шын жүректен құттықтаймын)	мейірімділік құндылықтарын ың дамидынына көзін жеткізу)		
--	--	--	--	--

Сабақтың мақсаты: төтенше жағдайлар кезінде көмекке келетін жедел қызметтердің нөмірлерін білу

Сабақ барысы Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу. Жағымды мотивациялық көңіл күй қалыптастыру (1-2 мин).

Адамдардың өмірін құтқару бойынша шұғыл қызметтердің нөмірлерін есте сақтаңыз.

Білімді өзектендіру. Өткенді қайталау

Қызметтік машиналардың суреттерінен «Қызметтік тел номерлерін ата» ойыны.



Әр бір адам өз өмірінде төтенше жағдайдың куәгері болған шығар. Сондай-ақ сол адам зардап шеккендерге көмектесуге тырысатыны анық. Осындайда адамдарға жедел көмек көрсететін құтқару қызметтері бар. Олар дабылды қосып, арнайы қызмет көрсету машиналарына мініп, көмекке шығады. **1. Тақырыпқа кіріспе**

«Шұғыл қоңыраулар» рольдік ойыны

Жедел қызметтердің бірыңғай телефоны бар, оған қоңырау шалу арқылы сіз кез келген төтенше жағдайда көмек сұрай аласыз. Бұл телефон – **112**. Төтенше жағдайларда ең бастысы – тыныштықты сақтау және операторға мәселені, не болғанын түсіндіре білу. Қиындыққа тап болмас үшін әрқашан қауіпсіздік ережелерін есте сақтау қажет.

Нұсқаулар:

1. Егер үйіңізде немесе көршілеріңізде өрт болса, **101-ге** қоңырау шалыңыз.
2. Егер сізді ренжіткен болса, затыңызды ұрлаған немесе қатты қорқытқан болса онда **102-ге** қоңырау шалыңыз.
3. Егер өзіңіз немесе жақын адамыңыз ауырып қалса, **103-ге** қоңырау шалыңыз.
4. Сізге кез келген жағдайда **112** қызметі көмектеседі.
5. **Білімді бастапқы игеру және түсінуді тексеру.**

Соңғы ойын «Өртүрлі жағдайлар» (балалар қандай қызметке қоңырау шалу керектігін және ондай жағдайда балалар өзін қалай дұрыс ұстау керектігін түсіндіруі керек:

1. Есікті бейтаныс адам қақты (102).
2. Әжем ауырып қалды (103).
3. Көрші үйдің терезесінен түтін шығып жатыр (101).

«Есте сақта!»

<i>Өрт күзеті</i>	101
<i>Полиция</i>	102
<i>Жедел жәрдем</i>	103
<i>Төтенше газ қызметі</i>	104, 112
<i>Бірыңғай құтқару қызметі</i>	112
<i>«111 жедел қызметі» байланыс орталығы балалар мен ересектер өздеріне көмек қажет екендігі туралы, тұрмыстық зорлық-зомбылық, бала құқықтарының бұзылуы туралы, баланың көшеде, үйде, көлікте жалғыз қалғаны туралы, өміріне және денсаулығына қауіп төнгенде хабарласу үшін ашылған.</i> - <i>«111» нөмірі – 24/7 байланыста</i> - <i>«111» нөмірі – құпиялылықты сақтайды</i> - <i>«111» нөмірі – тәулік бойы ІІД және өңірлердің жедел топтарымен байланыста.</i>	111

Бекіту. Өзіндік жұмыс. Тапсырманы орындаңыз. Суреттің астына қызмет нөмірін жазыңыз.

1. Қорытынды. Рефлексия.

Менде смайликтер бар: көңілді және көңілсіз. Тапсырмалары қиын емес балалар көңілді смайликті таңдайды, ал тапсырмаларды орындау қиынға соғатындар көңілсіз смайликті алады.

Пайдалы сілтемелер:

<https://www.youtube.com/watch?v=fyfkEuHSilc&list=PLA5eCSY2FeoQLLocS-IEuEG9KjOrJzvPM&index=5>

https://www.youtube.com/watch?v=hH_WhoDXIzU&list=PLA5eCSY2FeoQLLocS-IEuEG9KjOrJzvPM&index=25

Тексерілді: ДТЖЖО

Тлеубекова Н.З.

Е.Сиқымов атындағы орта мектебі ,мектеп жанындағы интернатымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025-2026 оқу жылының 10 «А» «Менің Отаным Қазақстан» атты тәрбие сағатына сараптама

Сабақтың мақсаты:

- Оқушылардың отансүйгіштік сезімдерін арттыру;
- Қазақстан тарихы, мәдениеті, жетістіктері туралы білімдерін тереңдету;
- Жастарды елін құрметтеуге, қорғауға тәрбиелеу.

Отаның, туған жерін қорғай білуге, халқымыздың талантты ақындарының өлеңдері мен ата-бабаларымыздың өнеге етіп қалдырған даналық сөздері арқылы оқушыларды ұлтжандылыққа, атамекенін көздің қарашығындай сақтай білуге, патриоттық сезімге тәрбиелеу;

Ойларын жүйелі түрде жеткізе білу, шығармашылықпен жұмыс жасап, мәнерлеп өлең оқып, мағынасын түсіне білу дағдыларын дамыту.

Сабақтың басында ҚР гимнен басталды, оқушылар тәуелсіздік туралы бейнебаян көрді, сұрақтар берілді. «Ой қозғау» және Топтық жұмыс әдісі арқылы оқушылардың өз елінің тарихына шолу жасадық .

Сабақтың соңында оқушылармен қауіпсіздік сабағын өткіздім. Сабақтың мақсаты: төтенше жағдайлар кезінде көмекке келетін жедел қызметтердің нөмірлерін білу.

Сабақтың барысында оқушыларды барлық төтенше жағдайлар кезінде көмекке келетін жедел қызметтердің нөмірлері айтылып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді, сабақтың соңында бейне баян көрсетілді.



Сынып жетекшісі: Мұқамет Ж